

**«Алматы облысы білім басқармасының Балқаш аудандық
бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№2 Жамбыл
атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен»
мемлекеттік коммуналдық мекемесі**

2024-2025 жж талдау есебі

Қыркүйек айындағы «Тілдер күні» мерекесіне орай Балқаш ауданы «№2 Жамбыл атындағы орта мектеп МДШО» МКМ кітапханашысы Ж.Нуртаеваның ұйымдастыруымен «Тіл тағдыры – ел тағдыры» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Бұл шараның мақсаты: Мектеп оқушыларын ана тіліміздің мәртебесін асқататып, ұлттық патриотизмге баулу, білім көкжиектерін кеңейту. Оқушыларды әртүрлі тілдер мен мәдениеттермен таныстыру, тілдік қорларын кең пайдалану арқылы ізденуге деген қызығушылықтарын арттыру, және балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.



<https://www.facebook.com/groups/2958909037673347/permalink/3637376959826548/?mibextid=8ub1ZrXc9gtbsnOI>

Қыркүйек айында “Оқуға құштар мектеп жобасы” аясында №2 Жамбыл атындағы орта мектебінде Қазақстанның халық суретшісі, ұлттық бейнелеу өнерінің негізін қалаушылардың бірі және қазақ мәдениетінің көрнекті тұлғасы Әбілхан Қастеевтің туғанына 120 жыл толуына орай, мектеп кітапханашысының ұйымдастыруымен “Қылқалам шебері” атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Бұл шара 9-11 сынып оқушыларының қатысуымен жүзеге асты.



Шараның мақсаты: Оқушыларға ұлттық дәстүрлер мен өнерді насихаттау, мәдени мұраларды сақтау және таныту сондай-ақ оларға рухани тәрбие беру.

<https://www.facebook.com/share/v/18NdbA3d6U/>

Қыркүйек айында “Оқуға құштар мектеп жобасы” аясында №2 Жамбыл атындағы орта мектебінде, мектеп кітапханашысының ұйымдастыруымен 7-8 сынып оқушыларына жазушы Б.Сокпақбаевтың шығармалары бойынша “Менің сүйікті кітабым” атты көркем әдебиеттер таныстырылымы болып өтті.

Бұл шараның мақсаты: Оқушыларды кітап оқуға баулып, білім көкжиектерін кеңейту.



<https://www.facebook.com/share/v/15eh5PHGFa/>

Осы жылдың қазан айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Қазақстанның халық жазушысы, XX ғасырда қазақ әдебиетіне зор үлес қосқан суреткерлердің бірі, қоғам қайраткері Әбдіжамал Нұрпейісовтың 100 жылдық мерейтойына орай мектебіміздің 6, 9, 11 сынып оқушыларына «Қан мен тер» трилогиясының таныстырылымы болып өтті. Бұл іс-шараның мақсаты: Оқушыларды жазушының еңбектерімен, өмірі туралы оқыту арқылы әсемдікке, елжандылыққа, ұлттық патриотизмге тәрбиелей отырып, көркем әлемінің сырын ашу



<https://www.facebook.com/groups/2958909037673347/permalink/3983125975251643/?sfnsn=wa&ref=share&mibextid=WaXdOe>

Қараша айында №2 Жамбыл атындағы орта мектепте, мектеп кітапханашысының ұйымдастыруымен 6-7 сынып оқушыларымен бірге “Мен және менің отбасым қандай кітап оқиды?” тақырыбында іс-шара өткізілді.



Бұл шараның мақсаты: Отбасылық құндылықтарды насихаттау, отбасылық кітап оқу дәстүрін қалыптастыру, оқушыларды кітап оқуға ынталандыру. Отбасы мүшелерінің арасында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру, білімге құштарлықты қалыптастыру және отбасылық қарым-қатынасты нығайту.


<https://www.facebook.com/share/v/15AETyJKhz/>

12 желтоқсан күні №2 Жамбыл атындағы орта мектеп кітапханасында көрнекті қоғам қайраткері, тұңғыш қазақ инженері, Алаш қозғалысының белді мүшесі Мұхамеджан Тынышбаевтың туғанына 145 жыл толуына орай арнайы кітап көрмесі ұйымдастырылды. Шараның мақсаты: Мұхамеджан Тынышбаевтың өмірі мен еңбектерін насихаттау. Оқушыларға Алаш қозғалысының тарихы мен қайраткерлерінің ролін таныстыру. Жас ұрпақты отансүйгіштікке, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу. Қазақ халқының тарихи мұрасын сақтау мен дәріптеудің маңыздылығын ұғындыру.



<https://m.facebook.com/groups/2958909037673347/permalink/3963639843866923/?sfnsn=wa&ref=share&mibextid=WaXdOe>

13 желтоқсан күні Ұлттық мереке – ел Тәуелсіздігінің 33 жылдығына орай мектеп кітапханасында «Еліміздің еркіндігі – тәуелсіздік» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмені ұйымдастырудағы негізгі мақсатымыз: оқушыларды Ұлы дала төсінде өркен жайған қасиетті Мәңгілік Қазақ Елінің тарихи ғұмырнамасымен, тәуелсіздік шежіресімен, батыр бабаларымыздың ерлік пен күреске толы өнегелі өмір жолдарымен таныстыру, әлем таныған Тәуелсіз Қазақ елінің бүгінгі толағай табыстарымен, жасампаз жетістіктерін насихаттау.



<https://www.instagram.com/reel/DDjqLZ8M6Uy/?igsh=dXgxeTluZDRqd3R5>

15.01.2025 ж мектеп кітапханашысының ұйымдастыруымен “Қазақ әдебиеті” газетінің 90 жылдығына орай, 8-10 сынып оқушыларына “Қазақ әдебиеті газетінің 90 жылдық шежіресі” атты көрме қойылып, көрмемен таныстырылым және газет тарихы жайлы құнды ақпараттар беріліп өтті. Ұлт руханиятының айнасына айналған “Қазақ әдебиеті” газетінің тарихы мен маңызын насихаттау. Газеттің қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына қосқан үлесін таныту. Оқушыларды ұлттық баспасөз тарихымен таныстырып, басылымға деген қызығушылығын арттыру. Оқушылардың әдебиетке, шығармашылыққа деген сүйіспеншілігін ояту. Газет бетінде жарық көрген танымал акын-жазушылардың еңбектерін дәріптеу. Жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды сіңіру және оқырмандық мәдениетін қалыптастыру.



<https://www.facebook.com/groups/2958909037673347/permalink/3716273058603604/?mibextid=UyTHkb>

07.02.2025ж кітапханада – қазақтың қара өлеңін кие тұтқан, поэзия мұзбалағы, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың 94 жылдық мерейтойына арнайы 8-10 сынып оқушыларымен **«Жырлайды жүрек»** атты мәнерлеп оқудан поэзия сағаты ұйымдастырылды. Шара барысында оқушылар, ақынның жырларын жатқа оқып, тыңдарманды терең ойға жетеледі. Поэзия оқыған әрбір оқушының сөзі әуезді әуенмен өрілгендей, әрбір үні жүректен шыққандай әсер қалдырды. Тыңдаған жанның көз алдында бейнелер тіріліп, поэзияның шынайы күдіреті сезілді." Бұл іс-шарның мақсаты: Ұлы ақынның мұрасын дәріптеу, Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін насихаттау, оның шығармашылығын кеңінен таныту. Ақынның өлеңдеріндегі адамгершілік, отансүйгіштік, махаббат пен мейірімділік құндылықтарын оқушылардың бойына сіңіру.



<https://www.facebook.com/share/v/1ABuoYjj4B/>

Кітапханашы: *Ж.Нуртаева*